

Оқылым

9-сынып

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

1	В
2	Ә
3	А
4	Д
5	Б
6	Г

**Әке мен бала**

А) Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайрылып, манағы тағаны соларға үш тиынға **сатты**. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие **сатып алды**.

Ә) Бала әкесіне:

- Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, - деді. Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Б) Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты.

В) Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

- Анау тағаны, балам, ала жүр, - деп.

Г) - Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, - деді.

Д) Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді.

**1. Мәтіннен антонимдерді табыңыз.**

- 1) алып, беріп
- 2) аз, көп
- 3) жалма-жан, аяңдап
- 4) сатты, сатып алды

**2. Әңгіменің негізгі идеясы қай сөздерде берілген?**

- а) - Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің
- б) - Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын.

c) - Аз жұмысты қиынсыңсаң – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың.

d) - Анау тағаны, балам, ала жүр.

### 3. Баланың мінезі қандай?

a) еңбекқор

b) жалқау

c) шапшаң

d) шыдамды

### 4. Ыбырай Алтынсарин кім болған?

a) зергер

b) мұғалім

c) ұста

d) сазгер

### 5. Мәтінге сай мақалды көрсетіңіз.

a) Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіртіп айтады.

b) Балалы үйдің ұрлығы жатпас

c) Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ.

d) Сыйға сый, сыраға бал

## 2-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

Балнұрдың отбасы шағын. Оның отбасында төрт адам бар. Олар: жолдасы, ұлы, қызы және өзі. Жолдасы Ермек сәулетші. Өзі дәрігер болып жұмыс істейді. Ұлы Әлішер бастауыш сынып оқушысы. Ол сабағын жақсы оқиды. Әлішер мектепке өзі барады. Қызы Нағима балабақшаға барады. Олар Алматы қаласында тұрады.

Ермектің ата-анасы Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауданында тұрады. Атасы мен әжесі үнемі қаладағы немерелерін сағынып жүреді. Немерелері де ата-әжелерін қатты сағынады. Атасы мен әжесі Алматыға келген сайын немерелеріне бағалы сыйлықтар ала келеді.

Ермек пен Балнұр балаларын үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелейді. Ұлы Әлішер қарындасы Нағимаға үнемі қамқорлық жасап жүреді.

Балнұрдың отбасы өте қонақжай. Олар өткен сенбі күні қоныстой жасады. Тойға бүкіл туған-туыстары мен дос-жарандары, әріптестері келді. Үй иелері келген қонақтарды төрге шығарып, сый-құрмет көрсетті. Балнұр ұлттық тағамдарды дәмді дайындайды. Ол дастарқанға шаймен бірге жылы-жұмсақ, тәтті дүниелер: қызыл күрең бауырсақ, анасы ауылдан алып келген ақ ірімшік, құрт, балқаймақ, қазы-қарта, жал-жая, тәтті жент, жеміс-жидектер, тіпті буы бұрқыраған қуырдақ та қоса әкелді. Халқымыздың айран, шалап, қымыз, шұбат секілді дәстүрлі сусындары да қойылды. Дастарқан басында Балнұрдың әкесі бата берді. Өйткені қазақта асқа үлкен кісі бата қайырады. Дастарқанға ас қайыру – үлкен ізеттіліктің белгісі. Балнұрдың отбасы – үлгілі, қонақжай отбасыларының бірі.

### 1. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

A) Жолдасы Ермек аулына қашан барды?

B) Балнұрдың отбасында қанша адам бар?

C) Әлішердің мұғалімдері қандай адамдар?

D) Балнұрдың мекенжайы қай жерде?

### 2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

A) Ата-әжесі қоныстойға шақырды.

B) Балнұр Шығыс Қазақстан облысында тұрады.

- C) Балнұрдың жолдасы дәрігер.
- D) Балнұрдың бір ұл, бір қызы бар, олар мектепте оқиды.

**3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

- A) отбасы, қонақ, туыс, ауыл, қуырдақ
- B) отбасы, қонақ, уақыт, қызмет, әріптес
- C) отбасы, қызмет, ата-ана, қоныстой, қонақ
- D) сыйластық, қымыз, отбасы, қонақ, қызмет

**4. Мәтін бойынша, Ермек пен Балнұр балаларын қалай тәрбиелейді?**

- A) қонақтарға көңіл бөлмеуге
- B) сабаққа ешқашан кешікпеуге
- C) үлкенді де, кішіні де сыйлауға
- D) өзімшіл, пысық болуға

**5. Дастарқан басында батаны кім берді?**

- A) достары
- B) әріптестері
- C) Балнұрдың ағасы
- D) Ермектің қайын атасы

**6. Мәтін не туралы?**

- A) Атасы мен немерелерінің сағынышы туралы
- B) Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы
- C) Үлгілі қазақ отбасы туралы
- D) Қазақ халқының ұлттық тағамдары мен дәстүрлі сусындары туралы

**7. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

- a) Еңбек пен бақыт егіз.
- b) Өнегелі отаудың өрісі кең
- c) Адам бір-біріне қонақ.
- d) Адам деген ардақты ат.

**8. Батаның жас ұрпаққа маңызы туралы қай мақалда айтылған?**

- a) Көптің батасы бір
- b) Бала тәрбиесі – бесіктен
- c) Баталы сөз - балаға азық
- d) Қонақ атаңнан да ұлы

**9. Мәтіннің мазмұнына сай келмейтін ақпаратты табыңыз.**

- A) Көптің батасы бір
- B) Бала тәрбиесі – бесіктен
- C) Баталы сөз - балаға азық
- D) Қонақ атаңнан да ұлы

10.

Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

- A) Досымның бір ұлы, бір қызы бар.
- B) Ақсуат ауданында ата-аналары тұрады.
- C) Досымның отбасы шағын болса да, үлгілі, қонақжай.
- D) Мемлекеттік қызметшілер жалақыларын уақытылы алады.

Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

Выберите наиболее точный заголовок текста.

- A) Қоныстой иелері

- B) Ұлттық тағамдар
- C) Досымның отбасы
- D) Мемлекеттік қыз

**4. Түлкінің өтірігі қай сөзінен білініп қалды?**

- a) «Әй, достым, қазір заман бұрынғы заман емес»
- b) «Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай?»
- c) «Кім біледі, бұйрықты олар естімеген шығар»
- d) «Жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты»

**5. Қырғауылдың ақылдылығы қай сөздерінен көрінеді?**

- a) «Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет, достым».
- b) Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін.
- c) «Жақсы, өзің қалай тұрасың?»
- d) «Жерде әр түрлі аңдар бар».